

«Food quality and food safety» (FQFS) (Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі) Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары 20-22 қыркүйек, 2023 = «Food quality and food safety» (FQFS)(Качество и безопасность продуктов питания) материалы международной научной конференции 20-22 сентября, 2023= «Food quality and food safety» (FQFS) materials of the international scientific conference 20-22 september,2023. – Астана: КАТИУ им. С. Сейфуллина, 2023. – Б.57-.58

ӘОЖ 614.448:619 (045)

ӘЗІРЛЕНГЕН ФИТОПРЕПАРАТТАРДЫ ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ АЛЫНҒАН БАЛҒА ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

Сейілбеков А.Е., 2 курс магистранты

Р.Х.Мустафина PhD

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ., Қазақстан*

Мақсаты

Аралар үшін әзірленген фитопрепараттарды қолданғаннан кейін, балдың ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігі мен сапасын зерттеу.

1. Ара колонияларына арналған фитопрепараттардың рецептурасын әзірлеу.
2. Әзірленген фитопрепараттардың емдік-профилактикалық әсерін және олардың ара өнімділігіне әсерін зерттеу.
3. Дәстүрлі (химиялық, биологиялық) препараттармен салыстырғанда әзірленген фитопрепараттарды қолданғаннан кейін, балға санитарлық баға беру.

Зерттеу нысаны мен әдістері

Табиғи бал-аралар мен онымен байланысты жәндіктер шығаратын пайдалы өнім. Бал-бұл бал арасының зобында жартылай қорытылған шырын немесе кейбір өсімдіктердің қантты секрециясы. Адамдар балдың құрамын өзгертуді, тіпті жалған жасауды үйренді. Сондықтан бұл зерттеу жұмысы балдың сапасын анықтауда үлкен маңызға ие. Тұтынушылар балдың бұрмалануының бар екенін біліп, оларды тани білуі керек. Мұны органолептикалық немесе химиялық эксперимент арқылы сатып алудан бұрын немесе үй жағдайында жасауға болады.

Бал араларының қыстыққа дайындау барысы және қыс мезгілінде бал араларының тіршілік көрсеткіші мен қыстықтан кейінгі өзгерістері бейнеленеді. Аралардың қыстауы-бұл араларды қыстауға дайындау процесі және олардың суық мезгілдегі тыныштық кезеңі. Қыстау аралар үшін маңызды кезең болып табылады және олардың өмір сүруін және келесі маусымда отбасының күшін анықтайды. Қыстау кезінде аралар жеткілікті қоректік заттармен, жылумен және суықтан қорғаумен қамтамасыз етілуі керек. Бал аралардың қыстау барысында оларға қажеттіліктер жасалынады. Ең алдымен бал араларын азықтандыру- қыстамас бұрын, араларға жеткілікті шырынды өсімдіктер болмаған кезде қосымша азық-түлік қорын

қамтамасыз ету үшін оларды сироппен немесе жемшөп қоспаларымен тамақтандыру ұсынылды.

Ара омарталары-араларды жайлы және қауіпсіз қыстайтын орынмен қамтамасыз ету маңызды. Омарта қатты желден, жауын-шашыннан және суықтан қорғалуы керек. Біздің омартамызда ара омарталары 12 омарта орналасқан. Олардың жасалуы ағаш материалынан және ішкі рамкалары осы материалдан жасалған. Біздің ара үйшіктерінде 10-13 ара рамкалары орналасқан. Оның маңыздылығы ара рамкаларының бір-біріне тығыз орналасуында. Желдету-қыстау кезінде артық ылғал мен көмірқышқыл газын кетіру үшін ұяда жақсы желдетуді қамтамасыз ету қажет. Сол себепті ара омарталарымызда желдету тесіктері арнайылап жасалынған. Зиянкестерді бақылау-қыстап шықпас бұрын уяда паразиттер мен аурулардың бар-жоғын тексеру маңызды. Егер аралар зиянкестермен немесе аурулармен ауырса, оларды емдеу керек және инфекциялармен күресудің оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету керек. Мониторинг-қыстау кезінде аралардың жеткілікті азық-түлік қоры бар екеніне және жақсы жағдайда екеніне көз жеткізу үшін ұяны мезгіл-мезгіл тексеріп отыру керек. Егер проблемалар туындаса, тиісті шаралар қабылдау қажет. Соңында қыстықтан шыққан араларды жіті бақылап тұруы қажет, егерде бал аралары теріс көрсеткіш беріп жатса онда ұяшықтарын толықтай дезинфекцияланады және бал рамкалырын утильдейді.

Нәтижелер

Аралар қыстағаннан кейін, аралардың қыс мезгіліндегі тәжірибесінің сәттілігін және олардың жалпы жағдайын бағалауға болады. Қыстаудан кейінгі бал араларын біздің омартамызда жағдайын қарадық. Қарау кезінде 2 ара ұяшықтары күмән келтірді. Біз толықтай дезинфекциялап және жарамсыз бар рамкаларын утильдедік. Қалған ара ұяшықтары оң нәтиже берді. Араларды қыстағаннан кейін жақсы нәтижелерге мыналар жатады. Жоғары өмір сүруі яғни аралардың көбейіп, бал ара қызметкерелері өзіндік жұмысты көбірек жасауы, ара аналығының бал араларын көбейтуі және бал мөлшерінің ұлғаюы. Араның болуы-аралар белсенді және сау жатырға ие, бұл олардың көбеюіне және дамуына мүмкіндік береді. Тозаң мен балдың жиналуы-аралар тозаң мен балды сәтті жинайды, бұл олардың белсенділігі мен өзін-өзі тамақтандыру және отбасының дамуы қабілетінің көрсеткіші. Көрінетін аурулар мен зиянкестердің болмауы-аралар аурудан немесе зиянкестердің шабуылынан зардап шекпейді, бұл аралардың жақсы жағдайы мен иммунитетін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1) Табиғи бал. МЕМСТ 19792-2017
- 2) Ара шаруашылығы. Терминдер мен анықтамалар. МЕМСТ 25629-2014
- 3) <https://book24.kz/product/zimovka-pchel-kak-sokhranit-paseku-zimoy-chtoby-nachinat-kazhdyy-sezon-snachala/>, «Зимовка пчёл», Тихомиров В.В.
- 4) Болдырев С. Я. Сроки подкормки и зимовки [Текст]/ Пчеловодство, 1985. № 8.

- 5) Кашковский В. Г. Технология ухода за пчелами [Текст]/ Новосибирск, Новосибирское кн. изд-во, 1984.
- 6) <https://garden.wikireading.ru/5442>
- 7) Ruttner, F. Naturgeschichte der Honigbienen [Text]/ F. Ruttner // Ehrenwirth Verlag, Munich. Germany. Grenoble. Bukarest. Apimondia. – 1992. – P. 380–383.
- 8) Забоенко, А.С. Все о пчеловодстве: практические советы пчеловодам [Текст]: сост. А. С. Забоенко. - Донецк: БАО, 1998. - 345 с.